


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АССОЦИАЦИЯСЫ
КАЗАХСТАНСКАЯ КРИМИНОЛОГИЧЕСКАЯ АССОЦИАЦИЯ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПРОБЛЕМ БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ



ҚР жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі,
ҚР Ғылым мен техникаға еңбегі сіңген, заң ғылымдарының докторы,
профессор Е. І. Қайыржановты еске алуға арналған

«ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ АУМАҚТЫҚ
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН КҮРЕСУ СТРАТЕГИЯСЫ»

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары

Алматы қ., 17 қыркүйек 2011 ж.

Материалы международной научно-практической конференции
«МИРОВЫЕ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ СОВРЕМЕННОЙ
ПРЕСТУПНОСТИ И СТРАТЕГИИ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ»,
посвященной памяти академика Академии естественных наук РК,
Заслуженного деятеля науки и техники РК,
доктора юридических наук, профессора Е. И. Каиржанова

г. Алматы, 17 сентября 2011 г.

Алматы
«Қазак университеті»
2012

Баспаға әл-Фараби атындағы}
Ғылыми кеңесі және ғылымның
*кафедрасының жанындағы**
атты Ғылыми Іргегі:

tvif факультетінің
> және криминалистика
гармашылық»
Шұжұсынылған

Д.Л.,

Г.М. Атаханова, Г.И. Баймурзин,
Ш.Б.Мәлікова, О.Н. 1

, Жетібәев,

«Қылмыстылықтың элемдік және аумақтық тенденциялары мен күресу стратегиясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары/ жауапты ред. Д.А.Байдельдинов, Р.Е. Джансараева - Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 262 б.

ISBN 978-601-247-375-9

Жинақта ҚР жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі, ҚР Ғылым мен техникаға еңбегі сінген, заң ғылымдарының докторы, профессор Е.І. Қайыржановты еске алуға арналған «Қылмыстылықтың элемдік және аумақтық тенденциялары мен күресу стратегиясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланады.

Қылмыстылықтың элемдік және аумақтық тенденциялары мен күресу стратегиясы

Шопабаев Б.А.

**ФОРМЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СПЕЦИАЛЬНЫХ ЗНАНИЙ СПЕЦИАЛИСТОМ И
ЭКСПЕРТОМ В УГОЛОВНОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН..... 244**

Берсугурова Л.Ш.

ПРОЕКТ НОВОГО УПК И ВОПРОСЫ ПРОЦЕССУАЛЬНОЙ ФОРМЫ..... 251

Ергали А.М.

К ВОПРОСУ ОБ ЭТАПАХ РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОЙ ПОЛИТИКИ КАЗАХСТАНА..... 253

Маликова Ш.Б.

ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТТЫҢ МАҢЫЗЫ..... 256

Ғылыми басылым

ҚР жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі,
ҚР Ғылым мен техникаға еңбегі сіңген, заң ғылымдарының докторы,
профессор Е.І. Қайыржановты еске алуға арналған

**«ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ АУМАҚТЫҚ
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН КҮРЕСУ СТРАТЕГИЯСЫ»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары

Алматы қ., 17 қыркүйек 2011 ж.

ИБ № 5625

Басуға 07.02.2011 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 18 б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 1054. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды

Қылмыстылықтың элемдік және аумақтық тенденциялары мен күресу стратегиясы

Позднее основными действующими уголовными законами царского правительства в Казахстане и Средней Азии были Уложение о наказаниях 1885 г. и Уголовное уложение 1903 г., поэтому зарождение и формирование основ уголовной политики в литературе относят к середине - началу XX вв. В большинстве это связано с тем, что сам термин «уголовная политика» впервые в литературе появился в 1804 г. и связан с именами таких выдающихся юристов XIX века как, Э. Ферри, Ф. Лист, А. Принс.

В Российской литературе появление понятия уголовной политики связывают с именем Н.А. Неклюдова (1865 г.). Уровень начно-юридической мысли, отражал общий взгляд, согласно которому целью уголовной политики является действие на внешние условия преступлений таким образом, чтобы видоизменять их характер, изменять тем самым характер воли или парализовать возможность злого ее настроения.

Кроме того, в XIX веке поднимались вопросы необходимости изучения причин преступности, ставились задачи определения средств для успешной борьбы с ней, а также обеспечения превентивных мер и осуществления социальных реформ в России. При этом четко понималось, что уголовная политика должна вырабатывать указания для «уголовного законодателя» в деле наилучшей охраны правопорядка и целесообразно поставленной борьбы с преступностью.

Вышеизложенное показывает, что в XIX веке становление уголовной политики Казахстана шло в рамках уголовного права России. Развитие уголовной политики в рамках уголовного права расширяло его предмет, чему было немало противников: Существование различных взглядов и подходов к этому вопросу породило широкие дискуссии в научных кругах. В связи с чем, полагаем, что вопросы формирования уголовной политики и дальнейшее ее развитие является отдельной темой научного исследования.

Литература:

- 1 Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет (теориялық мәселелері, тарихи тағылымы). - Алматы: Жеті жарғы, 1997.
- 2 Фукс С.Л. Обычное право казахов в XXVIII в первой половине XIX века. - Алма-Ата, 1981.
- 3 Айтқұлова Н.Л. Институт «АИЫП» в обычном праве казахов: автореф. дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.01. - Алматы, 2002.
- 4 Словохотов Л. Народный суд обычного права киргиз Малой Орды // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. - Оренбург: Типо-литогр., 1905. - Вып 15.
- 5 Маковецкий П. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. - Омск, 1886 // Материалы по казахскому обычному праву: сб. Научно-популярное издание / сост.: Т.М. Культелеев, М.Г. Масевич, Г.Б. Шакаев. - Алматы: Жалын, 1998.
- 6 Гродеков Н.И. Киргизы и кара-киргизы в Сыр-Дарвинской области. - Ташкент: Типо-лит. СИ. Лахтина, 1889. - Т. 1.
- 7 Зиманов С.З. Древний мир права казахов и его истоки // Қазақтың ата заңдары: қрқаттар, деректер және зерттеулер - Древний мир права казахов: 10 томдық. - Алматы: Жеті жарғы, 2001. - 1 т.

Ш.Б. Маликова,

ал-Фрабаби атындағы ҚазҰУ

заң факультетінің

қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және

криминалистика кафедрасының доцент, з.ғ.к.

ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТТЫҢ МАҢЫЗЫ

«Саясат» сөзі ежелгі грек тілінен «politike» аударғанда мемлекетті басқару өнерін, яғни қоғамдық таптардың (топтар мен ұйымдардың) олардың мүдделері және мақсаттарымен анықталатын қызметінің, сонымен қатар қоғамның элеуметтік экономикалық табиғатын білдіретін мемлекеттік билік органдарының қызметінің көрінісі болып табылады.

Мемлекеттің саясатында мемлекеттік биліктің екі негізгі бағыты - ішкі және сыртқа саясатты бөліп қарастыруға болады. Ішкі және сыртқы саясаттың эрқайсысының өзіндік мақсаттары, міндеттері және басымдылықтары бар. Дегенмен де, мемлекеттік билікпен айқындалатын және жүзеге асырылатын мақсат, міндет және басымдылықтар өзгеріссіз болуы мүмкін емес. Олар қоғамның дамуына, сыртқы саяси және ішкі саяси жағдайларға сәйкес, мемлекеттің мүдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға байланысты туындап, өзгеріп отырады. Сондай-ақ, олар алдыңғы

койылған мақсаттарға немесе міндеттерге жетуге байланысты не болмаса эртүрлі қоғамдық жағдайлардың салдарынан оларға қол жеткізу мүмкін болмаған кездерде өзгерістерге ұшырайды.

Мемлекеттің ішкі саясатының құрамдас бөлігі қылмыстық саясат болып табылады. Қылмыстық саясат, бәрімізге мәлім қылмыстықпен күрес аясындағы мемлекеттің саясатын білдіреді.

Қылмыстық саясаттың қоғам өміріндегі экономикалық, әлеуметтік, идеологиялық, психологиялық контекстсіз болуы мүмкін емес. Сол себепті қылмыстық саясатты жүйелі түрде қалыптастыру қажет.

Қылмыстық саясаттың тиімділігі мемлекеттің қылмыстыққа әсер етуінен, тұлғаны, қоғамды, мемлекетті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау шарасы мен дәрежесінен көрінеді.

Осы бағыттағы маңызды шара ретінде қылмыстыққа қарсы тұру үшін нормативтік құқықтық және ұйымдастырушылық басқарушылық шараларды дайындау және жүзеге асыру, сонымен қатар қылмыстықты әлеуметтік қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін нақты тәжірибелік шараларды жүзеге асыру болып табылады.

Қазақстан Республикасында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмыстықпен күрестің ғылыми концепциялары келесі бағыттарда жүргізіліп отыр. Бірінші бағыт, қылмыстық, қылмыстық атқарушылық, қылмыстық іс жүргізу құқықтары және криминалистика аясындағы зерттеулер; екінші бағыт, қылмыстықтың себептерінің табиғатын ашатын және одан сақтандыру шараларын қалыптастыратын криминологияны дамыту. Құқықтық ғылымдарды дамытуда аталған екі бағыт та маңызды рөл атқарады. Дегенмен де, қылмыстықпен нақты күрес жағдайына олардың тигізетін пайдасы шамалы. Ғалымдардың зерттеулері мен ұсыныстары құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмыстықпен күрес аясындағы мемлекеттік саясаттың жалпы теориялық мәселелерін ғана қамтиды. Сондықтан да, қазіргі кездегі өзекті мәселе ретінде осы салада қоғамдық саяси, әлеуметтік экономикалық және заңи бастауларды біріктіру қажеттілігі туындап отыр.

Кез келген қоғамның өркениеттілігі осы қоғамдағы құқық және құқықтық ғылымның алатын орны және рөлімен анықталады. Сондықтан да, қоғамның қалыптасуы және қалыпты дамуы адамдардың тәжірибелік қызметінде әлеуметтік үдерістерді басқарудың ғылыми негізделген құқықтық бастауларынсыз мүмкін емес. Осы айтылғандардың барлығы қылмыстық құқыққа базистік әсерін тигізіп, қылмыстықпен күрестің стратегиясы мен тактикасын дайындаудың негізі болып табылатын қылмыстық саясат теориясына да толық көлемде қатысты.

Қылмыстық құқық қылмыстық саясаттың құралы болып табылады. Қылмыстық құқық сәйкес заңи нормалардың жиынтығы, жүйесі бола отырып тұрақты сипатқа ие, ал қылмыстық саясат қылмыстық-құқықтық нормалардың, институттардың мазмұнын, қылмыстықпен күресті жүзеге асыратын мемлекеттік құрылымдар мен құқық қорғау органдарының қызметінің бағыттарын айқындайтын басшы идеялардың жүйесін білдіреді. Қылмыстық саясат қоғамда орын алып отырған өзгерістерге дер кезінде жауап беріп, қылмыстық заңның салыстырмалы тұрақтылығы барысында елеулі өзгерістерге ұшырайтындығы бізге мәлім.

Құқық қорғау қызметінің нақты проблемаларын шешуге бағытталған тек қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу қылмыстықты жоспарлаудың болашақтағы нәтижелерін, заманауи қоғамның дамуы жағдайындағы қылмыстық саясаттың маңызды рөлін ескермей қылмыстықпен күрестің негізделген тәсілдері мен әдістерін болжау мүмкіндігін жояды.

Қылмыстық саясат қоғамды реформалау жағдайында, әсіресе бір сапалық жағдайдан екіншісіне ауысу барысында маңызды рөлге ие болады. Қазіргі кезде, қоғамның тұрақты әлеуметтік-саяси дамуы жағдайында қылмыстықтың өсуі және ұйымдасуының күшеюі, ауыр және аса ауыр қылмыстардың үлес салмағының өсуі сынды қылмыстықтың сандық және сапалық өзгерістері заңдылық болып табылады. Сондықтан, елдің елеулі бөлігін мазалайтын факторлардың ішінде қылмыстық тұрақты түрде екінші, үшінші орындардан көрініп жүргендіктен, мемлекеттің қылмыстық саясатының маңызы арта түсуде.

Қылмыстық саясаттың мақсаты, міндеттері және мазмұны экономика, құқық, идеология және әлеуметтік психология жағдайындағы, әлеуметтік өмірдің сапасы, қылмыстықтың жағдайы мен тенденциялары ерекшеліктерінің өзгерістері әсерімен қалыптасады. Сондықтан да, қылмыстық саясаттың мақсаты мен міндеттерін, оны жүзеге асырудың тактикалық аспектілерін анықтау барысында жоғарыда аталған жағдайлар тұрақты түрде тіркелініп, талдаудан өткізілуі қажет.

Қылмыстық саясат теориясы философия, саясаттану, әлеуметтану сияқты іргелі ғылымдардың жаңа табыстары мен нәтижелеріне сүйенеді.

Қылмыстық саясат теориясы қоғам өміріндегі үдерістерді зерттеуге, заңшылықтарды анықтап, криминалды емес басқарудың тиімді әдістерін дайындауға, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мен

Қылмыстылықтың әлемдік және аумақтық тенденциялары мен күресу стратегиясы

қылмыстылыққа әсер етудің қазіргі жағдайға сай нұсқасын ұсынуға бағытталған. Осы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру үшін ұғымдық аппараттарды нақтылап, жалпы концептуалды мәселелерді шешу қажет.

Сонымен, қылмыстылыққа қарсы тұру проблемалары тек қолданыстағы қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық-атқарушылық заңнамаларына өзгерістер енгізіп, олардың кем-кетігін толтырумен шешіліп қоймайды. Аталған мәселелерді зерттеу қылмыстық саясаттың қазіргі заманғы тұжырымдамасының теориялық негіздерін дайындауды талап етеді. Қылмыстық саясат тұжырымдамасының негізіне криминогендік жағдай туралы шынайы мәліметтер қалануы тиіс. Қылмыстық саясат теориясы заң шығарушының еркін анықтап, оны жүзеге асырудың нақты бағыттары айқындалуы қажет.